

БҰЙРЫҚ

14.07.2022

Шымкент қ.

КӨШІРМЕ

ПРИКАЗ

№ *144-н/ж*

г. Шымкент

«М.Әуезов атындағы ОҚУ»

коммерциялық емес акционерлік қоғамының

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 2 ақпандағы № 802 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022 – 2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын басшылыққа алып, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес «М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты бекітілсін.

2. Университеттің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты барлық құрылымдар қызметкерлері мен профессор-оқытушыларға таныстырылсын.

3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат университеттің интернет-ресурсына орналастырылсын.

4. Осы бұйрық қол қойылған кезден бастап күшіне енеді.

5. Бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Негіздеме:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 2 ақпандағы № 802 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022 – 2026 жылдарға арналған тұжырымдамасы.

2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет жетекшісі Г.Дулатованың Басқарма төрағасы-ректордың м.у.а Қ.Нұрманбетовке жазған қызметтік хаты.

Басқарма төрағасы-ректордың м.у.а *Қ.Нұрманбетов*



0010455

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан
университетінің Басқарма
төрағасы-ректорының
2022 жылғы « 14 » 04 № 14-н/б бұйрығына
Қосымша

«М.ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН УНИВЕРСИТЕТІ» КЕ АҚ-НЫҢ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ САЯСАТЫ

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты енгізудің мақсаты мен міндеттері

1.1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 15 қарашадағы № 410-V Заңының, 2022 жылғы 2 ақпандағы Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022 – 2026 жылдарға арналған тұжырымдамасының нормаларына сәйкес дайындалды.

Осы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат ОҚУ қызметінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың жолын кесуге бағытталған «М.Әуезов атындағы ОҚУ» КЕ АҚ-ның (әрі қарай – ОҚУ) нормативтік актісі.

- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат – ОҚУ қызметіне қоғамның сенімін арттыруға, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтуға бағытталған құқықтық, әкімшілік және ұйымдастырушылық шаралар.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты енгізудің негізгі мақсаттары болып табылады:

- ЖОО-ның сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға қатысу тәуекелдерін төмендету;

- ОҚУ сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын, атқаратын лауазымы мен білім беру деңгейіне, нысанына қарамастан, ОҚУ жұмыскерлері мен білім алушыларында сыбайлас жемқорлықтың кез-келген нысаны мен көрінісін қабылдамау туралы бірыңғай түсінік қалыптастыру;

- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасының негізгі талаптарын түсіндіру.

ОҚУ-де Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты енгізуде алға қойылған мақсаттарға жету үшін келесі міндеттер белгіленеді:

- 1) Сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті қалыптастыру;
- 2) сыбайлас жемқорлық мүмкіндіктерін жою;
- 3) жауапкершілікті қамтамасыз ету жөніндегі шараларды жетілдіру;
- 4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда азаматтық қоғамның рөлін арттыру;
- 5) сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингтің тиімділігін қамтамасыз ету;

б) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметті жетілдіру.

2. ОҚУ сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметінің негізгі қағидалары

2.1 ОҚУ-нің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жүйесі келесі қағидаларға негізделеді:

- 1) жариялылық, ашықтық және айқындық;
- 2) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын кешенді пайдалану;
- 3) сыбайлас жемқорлықтың алдын алудың басымдығы;
- 4) мемлекеттік органдар және азаматтық қоғаммен өзара іс-қимыл;
- 5) тиімділік пен нәтижелілік;
- 6) сыбайлас жемқорлықтың барлық көріністерін қабылдамау;
- 7) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға жәрдем көрсететін адамдарды қорғау;
- 8) сыбайлас жемқорлық үшін жауапкершіліктің бұлтартпастығы.

3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыруға жауапты ұйымдық құрылым

3.1 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет – университеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға бағытталған барлық іс-шараларын ұйымдастыруға жауапты ұйымдық құрылымы.

3.2 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыруға жауапты ұйымдық құрылымның негізгі міндеттері:

- ОҚУ-де сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша шешімдер қабылдау үшін ұсынымдар дайындау;
- ОҚУ-де сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін туындатуы мүмкін себептер мен жағдайларды болдырмауға бағытталған ұсыныстар әзірлеу;
- Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін бағалау жүргізуді ұйымдастыру;
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және алдын алу мәселелері бойынша оқыту іс-шараларын ұйымдастыру;
- құқық қорғау және бақылау-қадағалау органдарының өкілдеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және алдын алу бойынша ОҚУ қызметін тексеру барысында көмек көрсету;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмыстар нәтижесіне бағалау жүргізу және сәйкес есеп материалдарын дайындау.

4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылмен және алдын алумен байланысты ОҚУ жұмыскерлерінің міндеттері

ОҚУ-нің барлық жұмыскерлері атқаратын лауазымына және еңбек өтіліне қарамастан, өздерінің лауазымдық міндеттерін орындау барысында:

- осы Саясаттың ережелерін басшылыққа алуы және оның қағидалары мен талаптарын сөзсіз сақтауы;

- айналасындағылармен сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасауға дайындалу немесе жасауға қатысу ретінде түсінілетін іс-әрекеттерден бас тартуы тиіс.

5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар

5.1. Осы Саясатқа қосымша ретінде ОҚУ-де жыл сайын өткізілу уақыты және жауапты орындаушылары көрсетілетін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар жоспары бекітіледі.

5.2. ОҚУ-де сыбайлас жемқорлық көріністерін болдырмау, құқықтық сауаттылықты арттыру және сыбайлас жемқорлық көріністеріне нөлдік төзімділікті қалыптастыру мақсатында Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт және университет жұмыскерлері мен білім алушыларының моральдық-этикалық бейнесіне негізгі талаптарды белгілейтін Әдеп кодексі қабылданған.

5.3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың негізгі элементтерінің бірі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін бағалау. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін бағалаудың мақсаты ОҚУ жұмыскерлерінің жеке пайда табу үшін сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасау мүмкіндігі неғұрлым жоғары нақты факторларын анықтау.

5.4. ОҚУ-де сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және алдын алу бойынша келесі тақырыптарда жұмыскерлерді оқыту ұйымдастырылуы тиіс:

- сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар үшін заңды жауапкершілік;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша заңнама талаптары мен ОҚУ ішкі актілері және олардың ОҚУ қызметінде қолдану тәртібімен таныстыру.

5.5. ОҚУ іске асырылатын ішкі бақылау сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының алдын алуға және анықтауға ықпал етеді. Ішкі бақылаудың мақсаты - ОҚУ қызметінің нормативтік-құқықтық актілер мен ОҚУ ішкі актілері талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету.

5.6. Серіктестермен өзара әрекет барысында ОҚУ қызметті жүзеге асыруда қабылданған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар туралы ақпарат береді, соның ішінде келісім-шарттарға сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды сақтау туралы арнайы ережелер енгізуі мүмкін. ОҚУ адал іскерлік қатынас орнататын, өз іскерлік беделін қорғайтын, жоғары этикалық стандарттарды қолдауды іске асыратын, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың өзіндік шараларын жүзеге асыратын, ұжымдық сыбайлас жемқорлыққа қарсы бастамаларға қатысатын серіктестермен іскерлік қарым-қатынас орнатуға және сақтауға ұмтылады.

5.7. ОҚУ енгізілген сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар деңгейі мен іске асырудағы жетістіктер туралы, соның ішінде тиісті мәліметтерді ресми интернет-ресурстарға орналастыру арқылы қоғамды ақпараттандыруды іске асырады.

6. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат талаптарын сақтамағаны үшін жауапкершілік

6.1. ОҚУ-нің барлық жұмыскерлері мен білім алушылары қолданыстағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама нормалары мен осы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат талаптарын сақтауға міндетті.

6.2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама нормалары мен Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат талаптарын бұзушылық үшін кінәлі тұлғалар тәртіптік, әкімшілік, азаматтық-құқықтық және қылмыстық жауапкершілікке тартылуы мүмкін.